

КАК ОТМЕТИЛ ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ, КАЗАХСТАН, ХОТЯ И НЕ ИМЕЕТ ПРЯМОГО ВЫХОДА К МОРЮ, РАСПОЛОЖЕН В САМОМ ЦЕНТРЕ ЕВРАЗИИ, И ЭТО ОТКРЫВАЕТ ДЛЯ СТРАНЫ БОЛЬШИЕ ВОЗМОЖНОСТИ. ИМЕННО ПОЭТОМУ СТРАТЕГИЧЕСКОЙ ЦЕЛЬЮ ЯВЛЯЕТСЯ ПРЕВРАЩЕНИЕ КАЗАХСТАНА В КРУПНЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ УЗЕЛ НА ЕВРАЗИЙСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ. В ЭТОЙ СВЯЗИ В ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ РЕАЛИЗУЮТСЯ КОНКРЕТНЫЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ ПРОЕКТЫ, ВКЛЮЧАЯ ЗАПУСК ЛИНИИ ДОСТЫК – МОЙЫНТЫ, А ТАКЖЕ РАЗВИТИЕ НОВЫХ МАРШРУТОВ И МЕЖДУНАРОДНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ. В ЦЕЛОМ ТРАНСПОРТ И ЛОГИСТИКА, А ОСОБЕННО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНАЯ ОТРАСЛЬ, СТАЛИ НЕОТЪЕМЛЕМОЙ ЧАСТЬЮ ЭКОНОМИКИ И СОВРЕМЕННОЙ ГЕОПОЛИТИКИ.

Геннадий ШИПОВСКИХ,
депутат Сената РК



№2 (3149)
13/01/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА КАК СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ФАКТОР НАЦИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ:

взгляд и поручения Президента – приоритеты ҚТЖ на 2026 год

В своем недавнем интервью газете Turkistan Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев особо отметил важность укрепления транспортно-логистического потенциала страны, что имеет прямое отношение к национальным интересам, экономическому росту и международной конкурентоспособности. Эти ключевые позиции Главы государства служат ориентиром для всех отраслей экономики, в том числе и для железнодорожной отрасли в целом, и для АО «НК «Қазақстан темір жолы» в частности.

Президент подчеркнул: «Для нашей страны укрепление ее транзитного логистического потенциала – задача стратегического значения. Не имея прямого выхода к морю, Казахстан тем не менее расположен в центре Евразийского континента на пересечении большинства транзитных магистралей. Это большое преимущество, которым мы обязаны умело воспользоваться с пользой для страны. Есть видение и желание превратить Казахстан в транспортную гавань (хаб) Евразии...»

Эти слова определяют долгосрочное видение развития транспортной инфраструктуры и четко обозначают роль железной дороги как ключевого элемента, обеспечивающего продвижение отечественных товаров на внешние рынки, расширение транзитных потоков, усиление международного сотрудничества и интеграцию в глобальные логистические цепочки. Благодаря политической воле и последовательной государственной политике создаются условия для реализации амбициозных проектов, укрепления инфраструктуры, внедрения современных технологий и в конечном итоге повышения качества услуг для бизнеса и граждан, развития целых регионов. Ведь почти везде, где проходит новая магистраль, со временем появляются новые населенные пункты. Вдоль путей строятся станции, депо, мастерские, затем – школы, магазины и целые жилые кварталы.

Железная дорога приносит рабочие места: от строителей и машинистов до логистов и специалистов крупных заводов, которые нередко открываются вблизи магистрали. Так, вокруг путей формируются новые экономические зоны, а регионы получают мощный импульс к развитию.

К примеру, строительство второй линии на участке Достык – Мойынты дало огромный мультипликативный эффект, увеличив пропускную способность, что значительно ускорило доставку грузов из Китая в Европу, укрепило транзитный потенциал страны. Кроме того, здесь новые пути дали толчок местному производству: 1,5 миллиона шпал, более 100 тысяч тонн рельсов, 2 миллиона кубометров щебня. При этом важно, что 85% из этого изготовлено в Казахстане. Проект стал мощным драйвером для отечественной промышленности, открыв новые горизонты компетенций: от выпуска строительных и железнодорожных материалов до освоения сложнейших инженерных решений, включая мостовые конструкции, которые ранее не производились в Казахстане. Здесь было задействовано 80 предприятий, 2 500 людей и 1 113 единиц техники.

Сегодня продолжается строительство новых участков, а планы по развитию сети становятся все масштабнее. Железная дорога была и остается одной из тех отраслей, где развитие инфраструктуры напрямую означает развитие страны.

Так, компания осуществляет еще один прорывной проект: магистраль Бахты – Аягöz, 300 километров

новой линии – стратегический шаг к укреплению транзитной мощи страны. Реализация данного проекта усилит позиции Казахстана как ключевого звена между Востоком и Западом.

Ожидается, что провозная способность на китайском направлении вырастет более чем втрое (с ~30 до 100 миллионов тонн в год) за счет модернизации существующих стыковых пунктов и строительства третьего погранперехода Бахты – Тачен.

А проект «Мойынты – Кызылжар» – новая железнодорожная артерия, которая даст мощный импульс для развития транспортных возможностей не только для Карагандинской и Улытауской областей, но и всей страны. Вместе с тем новая линия сократит маршрут от 7 до 30 часов и обеспечит возможность пропуска 30 пар поездов в сутки. Проект разгрузит перегруженные участки и ускорит транзит. Это не просто инфраструктура, а новые рабочие места, развитие экономики. Ведь в условиях стремительных изменений в мировой логистике, цифровизации и трансформации торговых потоков Казахстану важно перейти от роли транзитной территории к полноценному участнику экономических коридоров. ҚТЖ уже вносит вклад в данную задачу – строя новые железнодорожные линии и модернизируя ключевые участки, компания способствует развитию инфраструктуры, созданию производственных цепочек и логистических экосистем. Экономический коридор – не просто путь доставки, а мощный драйвер роста, который стимулирует переработку, экспорт и формирует новую экономическую географию страны.

Только за последние шесть лет экспорт зерновых грузов в Китай демонстрирует впечатляющий и устойчивый рост, подтверждая стратегическую значимость Казахстана как поставщика аграрной продукции. Структурные изменения, направленные на поддержку переработанной продукции, дали мощный импульс экспорту казахстанских кормов: за два года объем перевозок комбикормов вырос в 18 раз, превысив 3,2 миллиона тонн в 2025 году. В свою очередь, это дало импульс развитию казахстанского производства, созданию новых перерабатывающих предприятий, и общий объем зерновых перевозок, в том числе продуктов перемолта и комбикормов, в Китай вырос в 15 раз и достиг рекордных 4,3 миллиона тонн, что является результатом глубокой трансформации логистики, диверсификации экспорта и роста добавленной стоимости в агросекторе.

Так, в целом в контексте задач, поставленных Президентом, ҚТЖ последовательно работает над реализацией целого комплекса мероприятий:

- Укрепление пропускной способности ключевых железнодорожных направлений, в том числе по маршруту Китай – Европа и Китай – Центральная Азия.
- Модернизация инфраструктуры и внедрение цифровых решений, способствующих повышению эффективности перевозок, безопасности движения



и сокращению технологических потерь.

- Развитие транзитных коридоров, в том числе активное участие в проекте «Север – Юг», а также создание современной логистической экосистемы с ориентиром на международные стандарты.
- Внедрение передовых цифровых платформ и аналитических систем, обеспечивающих непрерывный мониторинг состояния подвижного состава и пути, автоматизацию управления и принятие оперативных решений.

Роль железной дороги сегодня выходит далеко за рамки простой транспортной услуги – она становится экономическим драйвером, платформой для торгово-экономических связей, логистической доступности, промышленного роста и регионального развития.

Укрепление транспортного хаба Казахстана осуществляется в широком национальном контексте – от создания рабочих мест и поддержки регионального развития до развития человеческого капитала и внедрения инноваций. Важной составляющей этой работы является сотрудничество с зарубежными партнерами, реализация стратегических международных проектов и участие Казахстана в развитии крупных международных транспортных коридоров.

АО «НК «Қазақстан темір жолы» не просто строит новые железнодорожные линии и модернизирует существующие участки – компания вносит стратегический вклад в формирование полноценного экономического коридора, который усиливает производственный потенциал страны, стимулирует переработку, экспорт и развитие логистической инфраструктуры. Благодаря таким шагам ҚТЖ превращает Казахстан в важнейшее звено евразийской торговли, открывая прямой выход к европейским рынкам и укрепляя позиции страны как глобального транспортно-логистического хаба.

Талгат АДЫБЕРГЕНОВ,
председатель правления
АО «НК «Қазақстан темір жолы»
liter.kz (12.01.2026 г.)



Айдын ШӘУКЕЖАНОВ,
Семей магистральдық желі
бөлімшесінің директоры:

ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС ЖАҒЫР-
ТУДАН ӨТІП ЖАТҚАН СЕМЕЙ
ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ 2026
ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНДА
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛІП,
ҚАЛА ТҮРГЫНДАРЫ МЕН
ҚОНАҚТАРЫНА ЗАМАНАУИ
ТАЛАПТАРҒА САЙ ҚЫЗМЕТ
КӨРСЕТЕТІН БОЛАДЫ. АЛ
ӘЗІРГЕ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
КЕЗІНДЕ ЖОЛАУШЫ-
ЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ
ЖАСАУ МАҚСАТЫНДА
ЖОКЗАЛ ҒИМАРАТЫНЫҢ
ОҢ ЖАҒЫНДА УАҚЫТША
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРЫНДА-
РЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.
ЖОЛАУШЫЛАР ТАРАПЫНАН
ШАҒЫМ ЖОҚ

Логистика

АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨСТІ

2025 жылдың қорытындысына сүйенсек, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ желісі бойынша астық тасымалдау көлемі 14,3 млн тоннадан асқан. Бұл 2024 жылдың сәйкес мерзіміндегі көрсеткіштен 31% артық. Экспортқа 11 млн тонна астық жөнелтілді, бұл өткен жылғыдан 33% көп. Мұндай көрсеткіштер соңғы 10 жылда алғаш тіркеліп отыр.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Ішкі тасымалдар да 26% артып, 3,3 млн тоннадан асты. Тасымалдардың өсуі Орталық Азия елдері бағытында да байқалады – 30%, яғни 6,3 млн тоннаға дейін, оның ішінде: Қырғызстанға – 2 есе, Тәжікстанға – 12%, 1,4 миллион тоннаға дейін, Өзбекстанға – 32%, 4,5 миллион тоннаға дейін артты.

Әзірбайжанға астық тасымалдау 3 есеге, Иранға тиеу – 69%, Ауғанстанға тиеу – 63% ұлғайды. Балтық елдеріне тасымалдау көлемі 6 есеге өсіп, 800 мың тоннадан асты. Қара теңіз бен Балтық порттарына тасымалдау сәйкесінше 49% және 67% өсті. 2025-2026 маркетингтік жылы (2025 жылғы қыркүйектен желтоқсанға дейін) астық тасымалдау көлемі 6 млн тоннаға (+19%) жетті, оның ішінде экспорт 4,7

млн тоннаны (+18%) құрады. Орталық Азия елдеріне тасымалдау 27%, яғни 2,8 млн тоннаға дейін, Ауғанстанға – 71%, Балтық елдеріне – 2 есе, Қара теңіз порттарына – 47%, Балтық порттарына 6 есе өсті. Өзбекстанға астық тасымалдау 41% артып, 2 млн тоннадан асты.

2025 жылғы желтоқсанда теміржол көлігімен астық тасымалдау көлемі 1,6 млн тоннаны құрады, бұл 2024 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштен 14% жоғары және рекордтық айлық көрсеткіш болып табылады. Экспорт 16%, яғни 1,3 млн тоннаға дейін ұлғайды, ішкі тасымалдар 300 мың тоннадан асты, бұл өткен жылғы деңгейден 10% артық.

Қытай Халық Республикасы бағытында астық жүктерінің экспорты 30% немесе 1 млн тоннаға өсіп, 4,2 млн тоннадан асты. Бұл ретте шикізат астығын тасымалдау көлемі 0,8 млн тоннаны құрады,

бұл қосылған құны неғұрлым жоғары жүктерді тасымалдауға қайта бағдарлануға байланысты. Контейнерлерде құрама жем тасымалдаудың пайдасына құрылымдық ауысу байқалады: олардың көлемі 3,5 есеге – 0,7 млн тоннадан 3,1 млн тоннаға дейін ұлғайды.

Қабылданып жатқан шектеу шараларына қарамастан, түзету әрекеттері есебінен астықты тұрақты тасымалдау қамтамасыз етілді. Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ, бейінді министрліктер, жергілікті атқарушы органдар, ҰКП және жүк жөнелтушілердің жедел «Астық штабы» алаңында өзара іс-қимылы шеңберінде тасымалдарды қатаң бақылауды жүзеге асыруды жалғастыруда. Теміржол көлігінің инфрақұрылымы және жылжымалы құрамның болуы бытырғы егіннің астығын тиіп жөнелту үшін элеваторлар мен кірме жолдардың қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз етеді.

ДЕРЕКТЕРМЕН ЖЕДЕЛ АЛМАСАДЫ



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ақпараттық деректермен жедел алмасуды іске қосты. Бұл жоба Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұнай өнімдерінің айналымын цифрландыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру шеңберінде орындалды.

Бірлескен жұмыс мұнай өнімдері бар вагондардың елішілік орналасуына, сондай-ақ мұнай өнімдері импортының көлеміне үздіксіз, жедел және ашық мониторингті қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚТЖ – «Бас есептеу орталығы» филиалы ҚТЖ-ның ақпараттық жүйелерінен деректерді беру бойынша балама техникалық шешім енгізді. Қолданылатын технология берілетін ақпараттың құпиялылығының, тұтастығының және үздіксіз болуының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта ҚазМұнайГаз нақты уақыт режимінде Қазақстан Республикасы аумағында мұнай өнімдері бар вагондардың орналасуы туралы сағаттық ақпаратты, сондай-ақ мұнай өнімдері импортының көлемі туралы тәуліктік мәліметтерді жедел ала алады. Тараптар ақпараттық деректердің үздіксіз берілуін қамтамасыз етуге уағдаласты, бұл елдің отын теңгерімін басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Ислам ТАЛІЯТ

ПЕРВЫЙ ПОЕЗД ОТПРАВИЛСЯ В ПУТЬ



Символический старт новому году международного логистики был дан в Китае: со станции Международного порта Сиань отправился первый в 2026 году грузовой поезд по маршруту Китай – Европа, который проследует по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ) через территорию Казахстана.

Этот рейс имеет особое значение. Он стал не только первым поездом года по направлению Китай – Европа, но и первым отправлением по Транскаспийскому коридору в 2026 году. Состав пересечет границу через Хоргос, пройдет по Казахстану, пересечет Каспий и прибудет в Баку (Азербайджан).

Поезд укомплектован 45 контейнерами с фотоэлектрическими модулями – символом перехода мировой логистики к «зеленой» экономике. Выбор маршрута через ТМТМ подчеркивает его растущее значение для доставки высокотехнологичной продукции из Китая в страны Европы и Закавказья.

Ключевое преимущество маршрута – это скорость. Транскаспийский коридор предлагает бизнесу новую модель: быстро, устойчиво и с максимальной экономической отдачей. Казахстан как важнейшее звено этого пути подтверждает статус ключевого игрока глобальной транспортной карты.

По данным аналитиков, по сравнению с традиционными морскими перевозками срок доставки сократился с двух месяцев до 11-15 дней. Это заметно снизило логистические издержки для грузоотправителей.

Для Казахстана рост перевозок по ТМТМ означает усиление роли страны как одного из главных транзитных хабов между Китаем и Европой. Через территорию республики проходят ключевые участки маршрута, связывающие сухопутную часть Евразии с Каспийским морем.

Именно этот фактор делает ТМТМ, в том числе Казахстан, все более привлекательным для китайских и европейских грузоотправителей на фоне глобальных сбоев в традиционных цепочках поставок.

А укрепление пропускной способности ключевых железнодорожных направлений, в том числе по маршруту Китай – Европа и Китай – Центральная Азия, а также создание современной логистической экосистемы с ориентиром на международные стандарты делают нашу страну мощным логистическим хабом.

Алуа ТЛЕУБАЙ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

22 тыс.

КИЛОМЕТРОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ СЕТИ ОХВАТЫВАЕТ СИСТЕМА «СМАРТ-ДИАГНОСТИКА».

БОЛЕЕ

319 млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО ПО СЕТИ ҚТЖ ПО ИТОГАМ 2025 ГОДА.

822 тыс.

ПАССАЖИРОВ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ ПРОЕКТОМ «ЖЕНСКИЙ ВАГОН» ЗА ЧЕТЫРЕ ГОДА, РЕАЛИЗУЕМЫМ НА 12 МАРШРУТАХ.

АРНАЙЫ ЖОБА

 Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

СЕМИНАР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу сапасын арттыру мақсатында «Ресми құжаттардың стильдік ерекшеліктері және оларды жазуда ескерілетін емле қағидалары» тақырыбында арнайы жоба жүзеге асырылуда.



Жобаның міндеті – қызметкерлердің құжат дайындау сапасын жақсартып, мемлекеттік тілде дайындалатын ресми іс қағаздарының стильдік ерекшеліктерін, нормаларын және емле қағидаларын таныстырып, құжатты сауатты жазу тәртібі мен оған қойылатын талаптарды көрсету, сондай-ақ құжат тілінің бірізділігін сақтау.

Семинар-тренинг түрінде өткізіліп жатқан шараға Компанияның орталық аппараты мен филиалдары және Астана қаласындағы еншілес ұйымдарының жалпы саны 200-ге жуық қызметкері тартылды.

Компанияның Мемлекеттік тілді дамыту секторы қызметкерлері әзірлеген осы семинарды алдағы уақытта өңірлік кәсіпорындар қызметкерлеріне де өткізу жоспарланған.

Семинар-тренинг үстіміздегі жылы да жалғасын тауып, құрылымдық бөлімшелердің жеке өтініштері бойынша қайталанып өткізілетін болады.

Осыған ұқсас тағы бір жобаны Сектор қызметкерлері әзірлеп жатыр. Ол бірін-бірі толықтыра түсетіні сөзсіз.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК – ОРТАҚ МІНДЕТ

 Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

ӨЗЕКТІ

Арыс қаласында теміржол және автомобиль жолдарында ауыл шаруашылығы жануарларының жолға шығуынан туындайтын жол-көлік оқиғаларының алдын алу мәселесін талқылаған жиын өтті.

Қала әкімінің орынбасары Ерғали Қуандықтың төрағалығымен өткен мәжіліс жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды. Жиынға тараптағы теміржол мекемелері басшыларынан бөлек, Арыс-1 станциясындағы желілік полиция мен аудандық полиция бөлімдері, қалалық ауыл шаруашылығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, ауылдық округ әкімдері мен ветеринарлық бекет меңгерушілері қатысты.

Басқосу барысында Арыс-1 станциясындағы желілік полиция бөлімі бастығының орынбасары Н.Орынбаев ағымдағы жылы теміржол бойында тіркелген оқиғалар туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, жыл басынан бері темір жолда 55 рет шұғыл тежеу қолданылған. Соның ішінде жолға адамның шығуы – 5 рет, жылқы – 10 рет, ірі қара – 20 рет, ұсақ мал – 20 рет тіркелген. Осыған байланысты темір жолға жақын орналасқан елді мекен тұрғындары арасында ауыл әкімдіктері мен ветеринария мамандарының қатысуымен түсіндіру жұмыстарын күшейту ұсынылды.

Автомобиль жолдарында да ауыл шаруашылығы жануарларының жолға шығу мәселесі сөз болды. Қараусыз малдың жол қозғалысына қатысушылардың өміріне қауіп төндіріп қана қоймай, мал иелеріне де елеулі материалдық шығын әкелетіні айтылды.

Айта кетейік, елімізде Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларына» сәйкес, жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде, темір жол және автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінде, сондай-ақ су және санитарлық қорғау аймақтарында мал жаюға тыйым салынады. Қадағалаусыз жүрген жануарлар қараусыз мал ретінде есептеледі.

Жиын қорытындысында тұрғындарға өз иелігіндегі үй жануарларын қараусыз қалдырмау, әсіресе түнгі мезгілде қауіпсіздікті арттыру мақсатында малға жарық шағылыстырғыш таспалар тағу жөнінде үндеу жасалды. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 559-бабына сәйкес, теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын бұзған тұлғалар жауапкершілікке тартылатыны ескертілді.



ЖОЛШЫНЫҢ ДАҢҚТЫ ЖОЛЫ

Табаны күректей қырық жыл темір жолда еңбек етіп, оның ыстығы мен суығын бірдей көрген Құрметті теміржолшы, Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің директоры Алғазы Қойлыбаев зейнетке шықты. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылым жөніндегі басқарушы директоры – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры Сакен Рахметов бастаған сала басшылары Астанадан арнайы барып, тарлан теміржолшыны қошемет-құрметпен шығарып салды.

 Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Алғазы Сақтағанұлы туралы айтқанда, темір жолдың ыстығы мен суығын бірдей көрді деген сөзді тура мағынасында қолданса болады. Расында, кейіпкеріміздің жүріп өткен еңбек жолын шөла отырып, оның бүгінгі қызметтік мансабына жету жолында барлық қызмет сатысынан өткенін көреміз.

Ол 1985 жылы Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын Жол шаруашылығы және темір жолдарды салу мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Тың темір жолында 7-ші жол дистанциясында жол шебері болып бастайды. Киелі Түркістан өңірінде туып-өскен жас жігіттің оңтүстіктен бірден табиғаты қатал солтүстікке қоныс аударып, жергілікті халыққа сіңісіп жұмыс істеп кетуі бастапқыда әрине оңай тимесе керек. Бірақ, батыл мінезді темір жолшың өзіне жүктелген міндеттің жауапкершілігі атан түйеге артылған жүктей ауыр екенін сезініп, мойнымен көтере білді. Арқаның аязды, ат құлағы көрінбейтін боранды күндері



теміржолдың бойында пойыздар жүрісінің үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жолшылар жұмысын ұйымдастырып жүріп шыңдалды. Бір жарым жыл ішінде аға жол шебері, одан кейінгі тағы бір жарым жыл ішінде жол дистанциясының бас инженері болды. Ал 1987-1991 жылдар аралығында дистанция бастығының орынбасары қызметін атқарып, тәжірибесін толықтырды.

1997 жылы «ҚТЖ» РМК құрылған соң тәжірибелі жолшы ретінде танылған А.Қойлыбаев Нұра жол дистанциясының бастығы болып тағайындалды. Алғазы Сақтағанұлы еліміздің бірнеше өңірінде жол дистанциясын басқарғанын мақтан тұтады. Қарағанды, Ақмола, Шымкент



артық айтқандық емес.

– Сіз теміржол саласындағы жұмысыңызды жол шеберінен бастап бөлімше басшысына дейінгі қызмет жолынан өтіп, әр кезеңде өзіңіздің кәсібилігіңіз бен еңбекте адалдығыңызды көрсеттіңіз. Басшы ретінде өндірістік үдерістерді тиімді ұйымдастырып, бөлімшенің үздіксіз әрі сенімді жұмысын қамтамасыз ете білдіңіз. Кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігі жоғары, күрделі міндеттерді жүйелі шешетін жетекші ретінде танымал Алғазы Сақтағанұлының мол тәжірибе мектебі – жас мамандар үшін нағыз үлгі, – деген Сакен Рахметов «су» жаңа зейнеткерді құрметті зейнет демалысына шығарып салу салтанатында қазақи дәстүрмен иығына шапан жапты.

Жол шаруашылығы тарландарының қатарында есімі ойып жазылатын Алғазы Қойлыбаевтың еңбегі ҚТЖ мен мемлекет тарапынан елеусіз қалмай, лайықты марапатын алған. Олардың қатарында «Құрмет» ордені, «Құрметті теміржолшы», «Адал еңбегі үшін» және «Теміржол саласында 30 жыл мінсіз қызметі үшін» төсбелгілері бар.

Суреттерді түсірген Марат ҚАБЫЛ

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі өткен жылы аймақтағы жол сапасына баса назар аударды. Инфрақұрылымды жаңарту, жолдарды күрделі жөндеу, қауіпсіздікті арттыру бағытындағы шаралар жүйелі түрде іске асырылды.

 Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ақтөбе бөлімшесіне Шалқар, Бершүгір, Қандыағаш, Никельтау, Ақтөбе, Орал сынды алты жол дистанциясы қарайды. Сонымен қатар 4 белгі беру дистанциясы, 2 электрмен жабдықтау дистанциясы бар. Өрт сөндіру және қалпына келтіру пойыздарының жұмысы да осы жерден ұйымдастырылып, үйлестіріледі.

Жалпы ұзындығы 2500 шақырымнан асатын бөлімшеге қарасты жол жағдайы қанағаттанарлық, жоспардағы 60 балдық жүйе 51 балдық деңгейге жеткізілген. Бөлімшеде соңғы жылдары жол күтімі мен



пайдалану сапасы айтарлықтай жақсарған.

2025 жылы бөлімшеде ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілді. 72,552 шақырым жол

ЖЕЛТОҚСАН – ЖЕТІСТІК АЙЫ



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Шиелі – өңірдің оңтүстігіндегі өндірістік станция. Өткен жылдың желтоқсан айында өндірістік көрсеткіштерді барлық бағыт бойынша артығымен орындаған шиеліліктер ауыз толтырып айтарлықтай жетістікке жетті.

 Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Станция басшылығы берген мәліметке сәйкес, Шиелі станциясының ұжымы өткен жылдың желтоқсан айындағы өндірістік көрсеткіштердің жоспарын 106-160 пайыз аралығында орындап, жоспарлы көрсеткіштерді артығымен қамтамасыз еткен. Тартатын айтсақ, желтоқсан айында станцияда вагонға жүк тиеу жоспары 106 пайызға орындалып, 400 вагонның орнына 425 вагон жүк тиелді. Жүк айналымы 29 561 тоннаны құрап, өткен жылмен салыстырғанда 126 пайыздық өсімге қол жеткізілді. Бұл – жүк жөнелтушілермен өзара үйлесімді жұмыс пен статикалық жүктеменің тиімді ұйымдастырылуының нәтижесі. Бір вагонға шаққандағы орташа жүктеме 69,6 тонна болып, норматив деңгейінен жоғары көрсеткішке жетті.

Вагондарды түсіру жұмыстары да жоғары қарқынмен жүргізілді. Жоспарланған 1600 вагонның орнына 1880 вагон қабылданып, өңделді. Бұл жерде станция кезекшісі Али-жағыппар Шауенов пен парк кезекшісі Берікбол Құдабаевтардың тәжірибесі, қажет кезде шұғыл шешім қабылдай білетін қарым-қабілетін атап өткен жөн, сонымен қатар маневрлік жұмыс пен парк кезекшілерінің үйлесімді әрекетінің нәтижесі.

Кірме жолдардағы вагондарды беру және жинау операциялары үздіксіз атқарылып, өндірістік процесте кідірістерге жол берілмеді. Есепті айда 2300-ден астам вагон кірме жолдардан уақытында шығарылып, жүк жөнелтушілер алдындағы міндеттер толық орындалды.

Станцияның пойыздарды бөлшектеу және құрастыру жұмыстары да бекітілген технологиялық графикке сай жүргізілді. Пойыз құрастырушы Нұрғиса Әтенов пен парк кезекшісі Исламбек Қарамырзаев желтоқсан айында 54 пойызды бөлшектеп, 40 пойызды қайта құрастырып жөнелткен. Сонымен қатар олар транзиттік вагондарды ағыту және тіркеу операцияларын сапалы орындап, пойыз қозғалысының үздіксіздігін қамтамасыз ете білген.

Вагондардың тұрып қалу уақытын қысқарту бағытында атқарылған жұмыстар да өз нәтижесін берді. Бірінші жүк операциясындағы тұрып қалу уақыты жоспардан төмен болып, жалпы жүк вагонының бос тұруы 2,22 сағатты құраған. Бұл – маневрлік диспетчерлер, парк кезекшілері мен пойыз құрастырушыларының нақты үйлестірілген еңбегінің жемісінде қол жеткен жақсы нәтиже. Құжаттарды өңдеу-түзету операторлары Тоғжан Піржанова, Светлана Шалекеева, құжаттарды өңдеу-түзету аға операторы Гүлнар Пауадинова технологи-



ялық талап деңгейінде құжат айналымын дер уақытында реттеп отыруы да ортақ іске өз үлесін қосқан.

Вагонайналымының көрсеткіші 4012 вагонды құрап, жоспар артығымен орындалған. Жұмысшы паркінің тиімді пайдаланылуы есебінен өндірістік қуат толық іске қосылған.

– Станцияның желтоқсан айындағы өндірістік көрсеткіштерінің межеден асып орындалуында тәулік бойы үздіксіз еңбек етіп жүрген теміржолшылардың маңдай тері мен табан ақысы жатыр. Станция және парк кезекшілері, пойыз құрастырушылар, құжаттарды өңдеу операторлары – бәрі-бәрі пойыз қозғалысының қауіпсіздігін, жүк тасымалының үздіксіздігін және технологиялық процестердің дәл орындалуын қамтамасыз етуге күш жұмсауы тек желтоқсан емес, жылды да жоғары көрсеткіштермен аяқтауымызға мүмкіндік туғызды. Желтоқсан айы сол жетістікке негіз болды, – дейді станция бастығының орынбасары Нұрғали Әбжапбаров.

Жалпы, өткен жылы Шиелі станциясы бойынша 6202 вагонға 430 881 тонна жүк тиеліп, 19 751 вагоннан жүк түсірілген. 544 пойыз құрастырылып, оған 24 476 вагон тіркелген.

Суретті түсірген автор

Инфраструктура

СОВРЕМЕННАЯ ТЕХНИКА ДЛЯ НАДЕЖНОЙ РАБОТЫ В ЗИМНИЙ ПЕРИОД

В рамках программы по повышению надежности работы железнодорожной инфраструктуры в зимний период 2025-2026 годов филиал АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» последовательно усиливает подразделения специализированной техникой. Всего в дирекцию поступило 63 единицы снегоходной техники, из которых 27 единиц переданы в хозяйство энергетиков и 36 единиц – в хозяйство сигнализации и связи.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Обновление парка направлено на повышение оперативности реагирования аварийно-восстановительных бригад и обеспечение устойчивой работы объектов инфраструктуры в условиях низких температур, сильных снегопадов и труднодоступной местности. Снегоходы позволяют оперативно доставлять специалистов и измерительную аппаратуру к удаленным объектам на перегонах даже при глубоком снежном покрове и отсутствии подъездных дорог.

В рамках данной программы департамент автоматики, телемеханики и телекоммуникаций филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» закупил 36 единиц снегоходной техники для дистанций сигнализации и связи. Техника предназначена для частичного укомплектования аварийно-восстановительных бригад ШЧ и обеспечивает повышение мобильности электромехаников КТСМ и СЦБ, обслуживающих удаленные и труднодоступные участки железной дороги.

Снегоходы распределены между подразделениями следующим образом: ШЧ-12 Кокшетау, ШЧ-13 Жана-Есиль, ШЧ-14 Курорт-Боровое, ШЧ-16 Астана и ШЧ-17 Аتبасар, ШЧ-18 Тобол, ШЧ-26 Костанай и ШЧ-27 Кушмурун, ШЧ-24 Павлодар и ШЧ-25 Екибастуз, ШЧ-19 Караганда, ШЧ-21 Акадыр, ШЧ-22 Жанаарка и ШЧ-23 Балхаш, ШЧ-29 Семей и ШЧ-30 Аягоз, ШЧ-34

